ЖАҢАЛЫҚТАР

Ақтөбеде таныс әйелді пышақтап өлтірді деген күдікпен ер адам ұсталған

13 қазан 2026 жыл, 11:08



Полиция көлігі (көрнекі сурет)

Ақтөбе қаласында көпқабатты тұрғын үйдің ауласында пышаққа түсіп ауыр жараланған әйел оқиға орнында көз жұмған. Қылмысқа күдікті ретінде Атырау қаласының тұрғыны, 28 жастағы ер адам ұсталған. Жергілікті полицияның алдын ала мәліметінше, күдікті марқұммен бұрыннан таныс болған.

10 қазан сағат 22:30 шамасында Сәтбаев көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйдің ауласында болған оқиға бейнебақылау камерасына түсіп қалған.

Қазақстандық кейбір басылымдар әлеуметтік желіде жариялаған бейнежазбада қас қарайған шақта подъездің алдындағы орындықта отырған әйелдің жанына ер

адам келіп, екеуі біраз уақыт сөйлескеннен кейін әйел орнынан тұрып, өзін бөгеуге тырысқан ер адамның қолын қағып тастап, кетіп қалмақ болғаны көрінеді.

Сол кезде ер адам ту сыртынан алып шыққан әлдебір затпен әйелдің белі тұсынан ұрған. Бір жағына қарай қисая берген әйелді қапсыра құшақтай алған ер адам оны сүйреп алып кеткен.

Полиция дерегінше, ауыр жарақат алған әйел жедел жәрдем жеткенше қайтыс болған. Ақтөбе облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі осы оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалғанын хабарлады.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Нұрай Серікбайдың өліміне айыпталған ер адам өмір бойына сотталды
- Шымкентте тағы бір әйел пышақ жарақатынан көз жұмды
- Ақтөбеде "дәрігер әйелді зорлап өлтірді" деп айыпталған еркек ұзақ жылға соттады
- Алматы соты бұрынғы әйелін өлтірген ер адамның апелляциялық шағымын қанағаттандырмады
- 2023 жыл: әйелге қарсы жасалған атышулы қылмыстардан кейінгі петиция мен флешмобтар. Жағдай өзгере ме?

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған